

Сарқан ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Сарқан аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы N 128 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 12 сәуірде N 2-17-112 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі N 213 қаулысымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық әкімдігінің 16.04.2013 N 213 қаулысымен .

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 9-бабы 2-тармағының 4)-тармақшасына, 7-бабының 5-5) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік құқығына қарамастан, Сарқан ауданының ұйымдары мен мекемелерінде, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір процент мөлшерінде квота белгіленсін .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы **А.С. Сәрсембаев**
КЕЛІСІЛДІ:

"Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы *Тертюбаев Оралбек Шабденұлы*
27 наурыз 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК